

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 8 қазандағы N 161 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директораты 1999 жылғы 1 шілде N 359. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы N 143 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 143 қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының осымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3

4. ...

Төрайым Е. Бахмутова

*Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2008 жылғы 2 қазандағы
N 143 қаулысына осымша*

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Мына нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

- 1) ;*
- 2) ;*
- 3) ;*

- 4) . . . ;
- 5) . . . ;
- 6) . . . ;
- 7) . . . ;
- 8) . . . ;

9) Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 8 қазандағы N 161 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 1 шілдедегі N 359 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 851 тіркелген).

"Бюджеттік жүйе туралы" Z990357_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 көкектегі заңының және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 06 мамырдағы N 538 P990538_ қаулысының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1. Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 08 қазандағы N 161 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпанда 458 V970458_ нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1.1-тармақтағы "муниципальды бағалы қағаздарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3.4.1 - тармақта:

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7 - Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздары ; " ;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Өзге де мемлекеттік бағалы қағаздар үшін осы Ереженің 2-қосымшасының 1-таблицасына" сәйкес А-дан бастап Z-ке дейінгі рәміздер пайдаланылуы мүмкін . "

3) 3.4.2 - тармақта:

бірінші бөлік "және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздарының түрлерін белгілеу үшін" деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші бөліктегі "-жартыжылдармен" деген сөздер "тоқсандармен" деген сөзбен толықтырылсын;

сегізінші бөліктің соңындағы "." тыныс белгісі ";" тыныс белгісіне ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"- Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының купондық облигациялары үшін - 0";

"- Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының дисконттық облигациялары үшін - 1".

2. Осы Қаулының қабылданған күннен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Заң басқармасы осы Қаулыны мемлекеттік тіркеу мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін. 4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы: 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің назарына жеткізсін; 2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын. Ұлттық комиссияның Төрағасы Оқығандар: Умбетова А.М. Нарбаев Е.А.